



АҚПАРАТТЫ- ӘДІСТЕМЕЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

№ 1 (33) 2022

Бас редактор – Ә. Мұстафина

Бас редактордың орынбасары –

Қ. Әлімғазин

Жауапты редактор –

М. Жылгелдинов

Редакциялық алқасы:

Г. Бекішева

Қ. Қабарова

Б. Қасенов

Г. Мұқажанова

Ә. Несіпбаев

Г. Нұрымбетова

Ж. Сатаева

Ә. Сүлейменова

Е. Чиликова

050010, Алматы қ.,
Достық даңғылы, 87-б
тел. (727) 264-69-07
факс (727) 264-68-21
E-mail: office@archive.president.kz
www.archive.president.kz

МАЗМҰНЫ

К АРХИТЕКТУРЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО АРХИВА	3
<i>Д.Қ. Тоқбергенова. АРХИВТЕР ЖҰМЫСЫН ЖАҢАРТУ МЕН ЖАҢҒЫРТУ УАҚЫТЫ КЕЛДІ</i>	7
Ұйымдардағы құжаттандыру және ведомстволық сақтау	
<i>Ж.С. Зейнелов. ҚҰЖАТТАР ҚҰНДЫЛЫҒЫНА САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</i>	9
<i>Ф.Т. Дуванова. АРХИВТІҢ ТОЛЫҚТЫРУ КӨЗДЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ҰЙЫМДАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ</i>	13
Жас архившілердің Жазғы мектебі	
<i>Ә.Н. Бақтыбаева. БАСТЫ МАҚСАТ – ТАРИХ САҚТАУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІЛКІТІЛГІН АРТТЫРУ</i>	16
<i>Б. Бейсенбекқызы. ПУТЬ ЗНАНИЙ ХРАНИТЕЛЕЙ ИСТОРИИ</i>	19
Электрондық құжаттандыруды ұйымдастыру	
<i>А.И. Шорманова. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫН САРАПТАУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ</i>	23
Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы	
<i>Ә.Т. Сүлейменова. ҰЛТ ҰСТАЗЫ А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ БІР ХАТЫ</i>	27
<i>Н.Н. Тоқсабаев. АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АХМЕТ</i>	30
Адамдар. Оқиғалар. Деректер	
<i>Ж.К. Ботанова. ЛИЧНЫЙ ФОНД ОБЩЕСТВЕННОГО И ПАРТИЙНОГО ДЕЯТЕЛЯ КАЗАХСТАНА АСАНБАЯ АСКАРОВА</i>	33
<i>Г.Р. Нұрымбетова. САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫНЫҢ ҚҰПИЯ ҚҰЖАТТАРЫ: ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗУ</i>	37
Нормативтік-ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз ету	
МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО СОЗДАНИЮ АРХИВНЫХ КОЛЛЕКЦИЙ ДОКУМЕНТОВ ПЕРВИЧНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА	40
ИНСТРУКЦИЯ ПО ПРИЕМУ-ПЕРЕДАЧЕ НА ГОСУДАРСТВЕННОЕ ХРАНЕНИЕ ЭЛЕКТРОННЫХ КОПИЙ ДОКУМЕНТОВ	55
Сын және библиография	
<i>М.Т. Жылгелдинов «ЖҰМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ. ҚҰЖАТТАР ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДАР» ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ</i>	61
<i>Е.С. Сыздыкова. ПЕРЕНОС СТОЛИЦЫ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ: К 25-ЛЕТИЮ ПЕРЕНОСА СТОЛИЦЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ИЗ Г. АЛМАТЫ В Г. АКМОЛУ</i>	64
<i>Н.Т. Исаева. КНИЖНЫЕ ПОСТУПЛЕНИЯ В БИБЛИОТЕКУ АРХИВА ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН</i>	68

К АРХИТЕКТУРЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО АРХИВА



Интервью директора Архива Президента РК Алии Хусаиновны Мустафиной для газеты «Казахстанская правда» от 26 июля 2022 г.
Беседовала Раиса Шулеева

Год 30-летия государственных символов Архив Президента Республики Казахстан как хранитель документальной исторической памяти и атрибут государственности ознаменовал принятием Концепции своего развития до 2035 года. Об этом стратегическом документе и других перспективах рассказывает директор архива Алия Мустафина.

– Глава государства Касым-Жомарт Токаев обозначил необходимость развития Архива Президента Республики Казахстана в соответствии с кардинальными изменениями,

происходящими в обществе, – отметила Алия Хусаиновна. – В условиях повсеместного проникновения цифровых технологий главный архив страны как главный хранитель исторической памяти не может быть в стороне. Данный фактор лег в основу разработки Концепции развития до 2035 г., утвержденной в июне этого года. Следует отметить, что этому предшествовал комплекс мер: в феврале 2022 г. Президент подписал указ о реорганизации нашего архива, утверждены его новые положение и структура.

Концепция – это долгосрочный стратегический документ, и к его разработке мы подошли, всесторонне проанализировав текущее состояние и сложившиеся условия, изучив передовой зарубежный опыт. Важно было выстроить работу на опережение, акцентируя внимание на новых методологии, технологии и научных решениях прикладного и прогностического характера.

Предваряя вопрос, почему мы замахнулись на столь большой отрезок времени – до 2035 г., скажу, что концепция включила в себя амбициозные задачи по развитию Архива Президента РК как научно-исследовательского, идеологического, методологического центра в области документоведения и архивного дела. Главный приоритет – продолжить делать все необходимое для обеспечения общества исторической информацией, чтобы она была максимально доступной. Своей деятельностью мы разрушаем стереотип о закрытости, секретности архивов.

– Алия Хусаиновна, какая работа уже проделана для этого?

– В первую очередь напомним, что услуги Архива Президента РК бесплатные, для их получения достаточно иметь документ, удостоверяющий личность. Наш читальный зал полностью оборудован компьютерной техникой, в том числе позволяющей посетителям сканировать документы и получать информацию в электронном виде. В прошлом году модернизировали сайт, и теперь электронный каталог документов архива помогает упростить их поиск.

В Архиве Президента РК хранится более 856 тысяч дел. Это уникальный исторический контент, датируемый с 1918 года. За годы независимости на государственное хранение поступило свыше 250 тысяч дел из государственных органов, политических и общественных организаций, национальных культурных центров, а также личные архивы видных политических, государственных и общественных деятелей Казахстана.

Когда-то закрытые темы стали доступны после рассекречивания 40 тысяч архивных дел советского периода. Эти документы стали источниковой базой для исследований по истории партии «Алаш», коллективизации, голоду, политическим репрессиям и депортациям 1930-х гг., Великой Отечественной войне. Архив подготовил свыше 100 документальных изданий, среди них книги, ставшие бестселлерами для специалистов-историков: «Рассекреченная война», «Движение Алаш», «Казахстан за безъядерный мир», «Наркомы Казахстана», «Из истории депортаций, Казахстан (1930–1935 гг., 1935–1939 гг., 1939–1945 гг.)», «Трагедия казахского аула».

Рассекреченные документы стали основой для таких электронных баз, как «Военнопленные-казахстанцы Второй мировой войны: литература, источники и база данных» и Asharshylyq.kz о жертвах голода 1930-х гг. в Казахстане. Восстановление имен погибших людей является сложным, поскольку в 30-е гг. XX в. не велись специальные записи. Тем не менее архив создает базу данных по крупницам, косвенным сведениям. Специалисты работают в других архивах страны, спецгосархивах, ищут информацию в публикациях разных лет, воспоминаниях людей.

Если удастся вернуть из небытия хотя бы несколько новых имен, это будет уже неплохим результатом. В этом исследовании мы также используем материалы из личных фондов ученых, занимавшихся данной темой. К примеру, в архиве хранятся документы профессора Камбара Атабаева, который в 1990-е гг. организовал экспедицию с целью сбора воспоминаний о голоде в казахской степи. Недавно семья известного ученого-историка, профессора Таласа Омарбекова передала на государственное хранение его личный архив. Эти материалы, собранные ученым в отечественных и зарубежных архивах и библиотеках, его научные труды и наработки бесценны для исторической науки Казахстана.

База данных казахстанцев, попавших в плен в годы Второй мировой войны, также представлена на нашем сайте. Базу составили документы 36 тысяч военнопленных из республиканских и зарубежных архивов. Имен может быть больше, например, несколько лет назад наши финские коллеги передали нам информацию по военнопленным из Казахстана. Кроме этого, в прошлом году сотрудник нашего архива ездил в командировку в Украину, чтобы найти сведения о казахстанцах, попавших в плен в годы Великой Отечественной войны на территории этой страны. Итоги его исследования также пополнят базу данных Tutkyn.kz.

В 2022 г. мы подготовили четвертый том по истории депортации народов в Казахстан. Раз в два года наш архив проводит международную конференцию «История, память, люди», посвященную истории Второй мировой войны. В сентябре состоится 11-я конференция. Она традиционно вызывает интерес и широкий общественный резонанс. Людям важно знать историю достоверную, неискаженную, без интерпретаций.

В 2022 г. исполняется 150 лет со дня рождения Ахмета Байтурсынова, попавшего в жернова репрессий и расстрелянного в 1937 г. как «враг народа». Наши

специалисты провели большую научно-исследовательскую работу. В результате осенью планируется издание сборника документов о жизни и деятельности основателя казахской лингвистики и филологии, реформатора и создателя казахского алфавита. В него войдут не исследованные ранее архивные материалы.

- Какие другие проекты архива соотносятся с инициативами руководства страны?

- Здесь хочу сказать о молодежных проектах. Мы регулярно проводим дни открытых дверей для школьников и студентов, ежегодную студенческую олимпиаду для будущих архивистов и документоведов. Стала узнаваемым и ожидаемым событием Международная летняя школа молодых архивистов: за пять лет в молодежных форумах приняли участие свыше 900 специалистов из девяти стран ближнего и дальнего зарубежья. Отдельного внимания заслуживает Республиканский конкурс молодых архивистов, в четырех сезонах которого участвовали команды из архивов практически всех регионов страны.

Эти мероприятия стали визитной карточкой Архива Президента РК, к тому же они дают хорошую возможность молодежи проявить себя. Те, кто участвовал в летних школах будучи студентами, сегодня работают у нас в архиве. В нынешнем году наш состав пополнился молодыми специалистами, из них 4 человека имеют степень PhD и 6 – степень магистров по специальности «архивоведение». Следующий шаг – это организация стажировок молодых специалистов, проведение встреч, школ, экскурсий, производственных практик, вовлечение молодежи в работу архива.

Особое внимание уделяется сохранности и комплектованию фондов. В концепции предполагаются в целом пересмотр и трансформация организации повседневной работы архива. Здесь ключевой задачей является формирование новых подходов к комплектованию архивного фонда через внедрение в практику современной архивной методологии, модернизация инфраструктуры архива и укрепление материально-технического оснащения для сохранности документов Национального архивного фонда.

Новые направления развития связаны с цифровой трансформацией, модернизацией информационно-поисковых систем и внедрением инновационных инструментов для обеспечения сохранности документов. В этом плане для нас актуален переход от архитектуры e-archive (электронного архива) к архитектуре i-archive (интеллектуального архива).

Сегодня архив активно участвует в международных проектах, в частности проходящих под эгидой Международного совета архивов и Международного института архивоведения. В этом направлении будет продолжена работа по укреплению положительного имиджа страны через популяризацию историко-документального наследия Казахстана.

Другим важным направлением является институализация на базе Архива Президента РК научно-прикладных и методических исследований в области документоведения, архивоведения и археографии.

Кстати, хочу поделиться новостью: недавно наш архив получил свидетельство об аккредитации в качестве субъекта научной деятельности. Теперь мы можем принимать участие в научных проектах и программах, финансируемых государством, что также является дополнительным стимулом развития научного потенциала.

Таким образом, архив вышел за традиционные рамки понимания сути его работы. Это уже не просто безмолвные хранилища документов, а важный научно-

исследовательский центр, обеспечивающий доступность общественности к документальным источникам.

– Концепция рассчитана на 12 лет. Какие основные этапы предусмотрены в документе?

– Мы предусмотрели три основных этапа – 2022–2025, 2026–2030 и 2031–2035 гг., ориентированные на решение, соответственно, краткосрочных, среднесрочных и долгосрочных приоритетов.

Первый этап – это качественные изменения формы и содержания работы архива. Следующий этап охарактеризован формированием перспективных трендов: какие из сегодняшних направлений архивной деятельности требуют модернизации, какими темпами и с каким содержанием. К финальному периоду достигнутые изменения должны быть закреплены, получить оформление с тем, чтобы достичь понимания дальнейшей траектории развития.

– Половина 2022 г. уже пройдена. С чего начались изменения формы и содержания работы?

– Архив в этом году оснастили новым оборудованием для консервации и реставрации, и работа в первую очередь началась с документами раннего советского периода, поскольку они самые ветхие. Решается вопрос переезда в столицу, так как мы считаем, что Архив Президента РК должен находиться там, где формируются документы, где принимаются государственные решения, где наши основные источники комплектования. А это Администрация Президента РК, государственные органы, непосредственно подчиненные и подотчетные Главе государства.

Следующие изменения касаются формирования архивного фонда, а именно – электронных документов. Тема эта для архивов абсолютно новая, неизученная, и в этом смысле Архив Президента РК может стать флагманом развития в данном направлении. Тем более что определенная практика нами уже наработана.

Далее хочу сказать о Центре по изучению материалов политических репрессий XX в., который создали в 2021 г. по поручению Главы государства. Он обеспечивает архивное сопровождение работы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий. Его деятельность направлена на всестороннее изучение истории по данной тематике, содействие исследовательской работе и повышение оперативности подготовки выводов и рекомендаций в части полной реабилитации жертв политических репрессий.

Уже проработаны вопросы приема более 700 тыс. дел из специальных госархивов МВД, КНБ, Генеральной прокуратуры РК. Свою главную задачу здесь мы видим в сохранении этих документов. К сожалению, долгие годы они находились в условиях, далеких от нормативов, над многими страницами существует реальный риск физической утраты. Пыль, иссушение или, наоборот, чрезмерная влажность, плесень, грибок – это большая угроза для бумаги.

Активно идет работа над оцифровкой документов, включения их в электронный перечень дел. Архив Президента РК сегодня является лидером в стране по этому направлению. Мы оцифровали более 192 тыс. дел, а это около 23 млн. листов. Благодаря проделанной работе наши посетители имеют возможность работать с оцифрованными архивами, не затрачивая время на ожидание выдачи документов из архивохранилища.

– Алия Хусаиновна, в начале разговора Вы говорили о модернизации сайта, который продолжаете дорабатывать. Значит ли это, что посетителям возможен будет удаленный доступ к документам Архива Президента РК?

– На сайте имеется доступ к электронному перечню архивных документов. Но для их изучения нужно лично приехать в архив. Электронный каталог мы поместили для упрощения поиска документов, но не для удаленного доступа к ним.

Вопрос удаленного доступа к архивам чрезвычайно сложный, поскольку он связан с различными техническими нюансами. Это стало еще одной задачей концепции, которую мы будем решать. Думаю, что в недалеком будущем исследователи смогут получить онлайн-доступ к сокровищам Национального архивного фонда Казахстана.

<https://kazpravda.kz/n/k-arhitecture-intellektualnogo-arhiva/>

АРХИВТЕР ЖҰМЫСЫН ЖАҢАРТУ МЕН ЖАҢҒЫРТУ УАҚЫТЫ КЕЛДІ



*Д.Қ. Тоқбергенова,
Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің
Баспасөз қызметінің қоғаммен байланыс жөніндегі маманы*

Архивтер тарихи-мәдени мұраның сақталуын қамтамасыз ететін мемлекеттің міндетті атрибуттарының бірі болып табылады. Жаһандық жаңғыру жағдайында қоғамның барлық саласында болып жатқан өзгерістер архивтердің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Кеңестік және Тәуелсіздік кезеңдер әлеуметтік-саяси тарихының құжаттарын сақтаушысы ретінде елдегі ең ірі сақтау қоймасы – Қазақстан Республикасының Президенті Архивіне ерекше жауапкершілік пен міндеттер жүктеліп отыр.

Осы тұрғыда, Қазақстан Республикасы Президентінің, оның Әкімшілігінің, Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін басқа да мемлекеттік органдардың қызметін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдау және архивтік қамтамасыз етуді жүзеге асырудағы тәжірибелік міндеттеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Архивін дамытудың 2035 ж. дейінгі тұжырымдамасы әзірленді.

Тұжырымдамада Архив қызметін дамытудың стратегиялық бағыттары, мақсаты, міндеттері, сондай-ақ оларды іске асыру кезеңдері айқындалған. Тұжырымдаманың басты мақсаты – Архивтің одан әрі өркендеуі үшін негізгі басымдықтарды алдын ала айқындап, болашақта атқарылуы тиіс қызметтердің нақты бағыттарын белгілеу.

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 ж. 14 қаңтардағы №1502 Жарлығымен құрылған. Бүгінгі таңда Архивте 856 мыңнан астам іс сақталуда. Тәуелсіздік жылдарындағы маңызды құжаттар, оның ішінде ел тағдырына қатысты шыққан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен шешімдері, бұдан бөлек XX ғ. саяси құбылыстардың тарихын баяндайтын архивтік құжаттар да мемлекеттік сақтауға алынған. Мәселен, биыл 150 жылдық мерейтойы аталып өтіп жатқан, қазақтың рухани көсемі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының жеке тектік құжаттары, өз қолымен толтырған жеке парағы және КСРО Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы В.И. Ленинге жазған ашық хаттары, т. б. құнды құжаттары сақтаулы тұр. Жинақтау көздері болып табылатын 47 ұйымнан жыл сайын 6 мыңнан астам іс Архивке сақтауға келіп түседі. Оларға іс жүргізу және архивтік сақтау мәселелері бойынша тұрақты негізде ғылыми-әдістемелік және практикалық көмек көрсетіледі.

Жыл санап заманауи әдістер мен технологияларды меңгерген Архивте электрондық құжаттардың бірыңғай архиві, халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес микрофильмдер бойынша құжаттарды сақтандыру көшірмелерін жасауды жүзеге асыру, электрондық мәліметтер базасы, электрондық оқу залы сияқты т.б. көптеген жобаларды меңгеру үрдістері оңтайлы шешімін табуда.

Архив Беларусь, Германия, Корея, Қырғызстан, Польша, Ресей, АҚШ және Финляндия елдерінің 17 архивтік ұйымдарымен ынтымақтастықты арттыру жөнінде келісімге отырып, халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуды жүзеге асыруда.

Ағымдағы жылдың 21 маусымында бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің 2035 ж. дейінгі даму тұжырымдамасында мекеменің ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде тіркелуі міндеттелген. Тұжырымдамада Архивті жетекші зерттеу және әдістемелік орталық ретінде дамытудың бірнеше кезеңі ұсынылған.

ҚҰЖАТТАР ҚҰНДЫЛЫҒЫНА САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



*Ж.С. Зейнелов,
Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің
Архив қорын қалыптастыру қызметінің бас сарапшысы*

Қазіргі заманғы архивтану теориясында «құжаттар құндылығына сараптама жасау» термині құжаттардың тарихи, ғылыми, мәдени мәніне немесе өзге де сипаты мен маңызына байланысты құндылығын анықтау және сақталу мерзімін белгілеу тәсілі ретінде ұғынылады. Бұл орайда жүргізілетін сараптамада құжаттар құндылығының объективті кәсіби принциптері мен өлшемдері негізге алынады. Сондай-ақ, құжаттарды іріктеу мақсатында жасалған қор түзушілер құрылымдары, функциялары, құзіреттері, қызмет түрлері мен өзара байланыстары мен олардың құжаттарына және нормативтік-әдістемелік құралдарына (тізбелер, тізімдер) функционалдық талдау нәтижелері ескеріледі. Құжаттар құндылығын сараптау оларды дереккөздік бағалау болып табылады. Архивтерді толыққанды құжаттармен толықтыру және тарих ғылымы мен өзге де салаларының дереккөздік базасын – Қазақстан Республикасы Ұлттық Архив қорын қалыптастыру ісі осы бағалаулар нәтижесіне сәйкес жүзеге асырылады. Құжаттардың ақпарат көзі ретіндегі құндылығы әр түрлі сипатта болатындықтан да бағалау сараптамасы қажет.

Енді бір құжаттардың ақпараттық мәні тар өріс аясынан аса алмайды. Ұйымдық, әкімшілік және шаруашылық мәселелерін ғана сипаттауға арналған мұндай құжаттар тек белгілі бір мекеменің қалыпты қызметін қамтамасыз ету құралы ғана болып табылады. Ондай құжаттардың ғылыми зерттеу дереккөздері ретіндегі рөлі жоққа тән. Құжаттар құндылығына сараптама жасаудың негізгі мақсаттары: құжат мәнінің өміршеңдігін анықтау; құжаттардың аз көлемінен шынайы мәліметтер мен ақпараттарды неғұрлым молынан анықтау. Құжаттар құндылығына сараптама жасау процесінде атқарылатын міндеттер аясы: мемлекетті, қоғамды, ғылымды, жеке азаматтарды қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету мақсатына толыққанды қызмет ете алатын құжаттарды анықтау; құжаттардың сақталу мерзімдерін (тұрақты, ұзақ уақытқа, уақытша, қысқа мерзімге) анықтау; мемлекеттік сақтауға алу үшін ғылыми мәні бар құжаттар мен анықтамалық мәндегі құжаттарды іздеп табу және іріктеу; архивке тапсырылатын құжаттарды түбегейлі іріктеп алу үшін олардың ғылыми құндылығын бағалауға арналған салыстырмалы сараптау жұмыстарын жүргізу; құжаттардың сақталу деңгейін белгілеу және архив қорлары құрамының толық болуын қамтамасыз ету. Бұл үшін ішінара жоғалған, жетіспейтін құжаттардың орнын толтыру жолдарын қарастыру. Құжаттар құндылығына сараптама жасау кезінде жоғалғанды толтыру қиын екені, көбіне мүмкін еместігі есте болғаны жөн, сондықтан сақтауға алынатын құжаттарды мұқият іріктеу қажет. Әйтсе де, екінші мәндегі құжаттарды да назардан тыс қалдыруға болмайды. Әсіресе бұл

ұйымдар мен мекемелердің қатары өсіп, олардың қызмет аясы және жұмыс барысында түзілетін құжаттарының көлемі ұлғаю кезінде ерекше мәнге ие болмақ. Құжаттар құндылығына сараптама принциптер мен критерийлер негізінде жасалады. Құжаттар құндылығын сараптау кезінде мына принциптер құжат топтарының бәріне бірдей дәрежеде қолданылады: Әлеуметтік-саяси бейтараптылық принципі – басқару мен экономика салаларындағы өзгерістерге қарамастан құжаттарды объективті түрде және кәсіби деңгейде бағалауға мүмкіндік береді. Тарихилық принципі әрбір құжатты белгілі бір тарихи кезеңнің жемісі ретінде қарауға және оған бүгінгі күннің тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге келешек тұрғысынан да бағалауға жол ашады. Мемлекет пен қоғам тарихы әлеуметтік-экономикалық формациялардың белгілі бір типіне жататын кезеңдерге бөлінеді. Жан-жақтылық принципі құжаттар мазмұнын әртүрлі аспектілерде қарастыруға жол ашады. Құжат тарихи дереккөз ретінде зерттелуі мүмкін. Бірақ, оның өзге де факторлары ескерілуі тиіс мәселен, құжат авторы болып табылатын мекеменің рөлі мен мәні, ақпарат материалдық негізінің ерекшеліктері, құжат тілі, сыртқы ерекшеліктері т. б. Құжаттарды кешенді түрде бағалау принципі нақты бір тарихи кезеңде, нақты бір мекеме қызметі нәтижесінде пайда болған құжаттарды жеке-дара емес, тұтас қарастыруды көздейді. Мәселен, ұйымдық-өкімдік (жарғылар, бұйрықтар, нұсқаулықтар т. б.) және есеп беру-жоспарлау құжаттамалары оларды толықтыратын немесе олардың түзілуіне ықпал еткен құжаттармен бірге қарастырылады.

Құжаттар құндылығына сараптама жасау принциптерін ескере отырып, құжаттар құндылығы критерийлерінің жүйесі жасалады. Критерийлерді топтарға жіктеу жалпы жасанды шара. Әйтсе де қолдануға ыңғайлы. Құжаттың шығу тегіне байланысты критерий мыналарды қамтиды: құжат авторы болып табылатын мекеменің функционалдық бағыт-бағдарына қатысты критерий; құжаттардың жасалу уақыты мен жасалған орнына қатысты критерий; Ақпараттық мәні мен оның қайталануына қатысты критерий; Ақпаратты оның бірегейлігі мен типтілігіне байланысты қарастырады және мынадай белгілерін негізге алады: Құжат функциясы – мекеме бойынша қандай да бір қызмет функциясының құжат түріне сәйкес өзіндік көрініс табуы. Ақпараттың бірегейлігі, түпнұсқалығы немесе қайталануы оның мынадай құндылық белгілерін бөліп қарастыруға мүмкіндік береді: әуелгі және қайталанған құжаттардағы оқиғалардың мәнділігі; ақпараттың мекеме функцияларына сәйкестігі; өзге ұйымдар қызметі туралы мәліметтер деңгейі, шынайылығы. Ақпараттары қайталанған нұсқадағы құжаттар немесе типтік құжаттар басқарудың типтік функцияларын құжаттау процесінде түзіледі.

Құжаттар құндылығына сараптама жасаудың нормативтік-әдістемелік негізіне мыналар жатады: Қазақстан Республикасының іс қағаздарын жүргізу және архив ісі бойынша заңнамалық актілері, Ұлттық архив қорын толықтыру көздерінің тізімі, нормативтік-әдістемелік құжаттар, құжаттар тізбесі, мекеменің істер номенклатурасы.

Құжаттар құндылығын сараптау жұмыстары мынадай әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі:

Тарихи-салыстырмалы әдіс – құжат кешендерінің шығу тегі жағынан ұқсастықтарын зерттеу. Бұл әдіс қазіргі заманғы мемлекеттік аппарат құрылымын тарихи кезеңдердегі мемлекеттік басқару жүйесімен аналитикалық

салыстыруларға, олардың сабақтастық мүмкіндіктері мен құжат кешендері эволюциясын зерттеуге негізделген;

Актуальдық әдісі – мекеме құрылымын, оның қайта ұйымдастырылуын, құзыретін, функциялары мен міндеттерін, қызметіндегі негізгі және қосалқы бағыттарды, қызмет аясын, өзге ұйымдармен байланысын, құрылымдық бөлімшелер міндеттері мен функцияларын, құжаттар құрамын зерттейді. Бұл әдіс мекеме-авторлардың қоғам және мемлекет өмірінде атқаратын рөлін айқындау үшін қолданылады;

Деректанушылық әдіс – құжаттарды шығу тегі мен мазмұнына қарай саралау. Архившілер үшін құжаттың жеделдік мәнін, сақталу уақытын дұрыс анықтау ғана емес, сонымен бірге оған келешек тұрғысынан, болашақ тарихшысы көзімен қарау да маңызды нәрсе. Бұл құжатты тарихи дереккөз ретінде, зерттеушілер үшін мәнділігі тұрғысынан саралау қажет;

Құрылымдық әдіс – мекемелер мен құжаттарды жіктеу, оларды бір жүйеге түсіру. Бұл әдіс мемлекеттік басқару құрылымдары мен оны құрайтын бөлімдердің атқаратын рөлдерін зерттеуге негізделген;

Функционалдық әдіс – белгілі бір функциялар бойынша ақпараттардың толықтылығы жөніндегі көзқарас тұрғысынан алғандағы құжаттардың құрамын талдау. Мекемелердің қызметі жөніндегі функционалдық талдау, істердің толығы мен құжаттамалық жүйенің қандай және қай жерде қайталанып келетін құжаттар туралы түсінік береді;

Ақпараттық әдіс – бірыңғай ақпараттық кеңістіктегі ақпараттардың қайталануын, құжат кешендерінің ақпараттық тұрғыдан толыққандылық сипатын зерттеу. Бұл әдіс қандай да бір формада ақпараттың жөнсіз қайталануын болдырмау үшін құжаттарды сапалық тұрғыдан іріктеуге бағытталған.

Сараптамалық бағалау әдісі – зерттелетін құжаттарды құндылық критерийлері негізінде соларға ұқсас құжаттар арқылы болжамды бағалау. Бұл әдіс құжаттар құндылығын сараптау принциптері мен критерийлерін жеткілікті дәрежеде білуді және оларды кәсіби деңгейде қолдануды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорына (бұдан әрі – ҚРҰАҚ) кіретін құжаттарды іріктеу мақсатында құжаттар құндылығына сараптама жүргізіп, оларды Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне тұрақты сақтауға өткізуге дайындау және ҚРҰАҚ құрамына енбейтін құжаттардың сақталу мерзімдері анықталады. Тұрақты және уақытша сақталатын құжаттар құндылығын сараптау ісі бірнеше кезеңнен тұрады: іс қағаздарын жүргізу барысында сараптау; ведомстволық архив орынында сараптау. Құжаттарды олардың түзілуі кезінде, яғни мекемеде іс қағаздарын жүргізу барысында бағалау тұрақты және уақытша сақталатын құжаттарды іріктеп алу үшін жүргізіледі. Бұл құжаттардың 10 жылдан астам мерзімге уақытша сақталатындары ведомстволық архивке тапсырылып, 10 жылға дейінгілері – құрылымдық бөлімшелерде одан әрі сақтауға қалдырылады. Ал сақтау мерзімі өткен құжаттар жоюға бөлінеді. Құжаттар құндылығына сараптама жасау істерді парақтап қарау жолымен іріктеледі. Екінші даналары, құжаттардың ресімделмеген көшірмелері істерден алынып тасталады. Құжаттарды өңдеу кезінде тұрпатты, салалық (ведомстволық) құжаттардың сақталу мерзімдері көрсетілген тізбесі, тұрпатты (үлгісі) іс номенклатурасы және ұйымның тиісті кезеңге арналған іс номенклатурасы қолданылады. Сараптау тексеру комиссиясы (бұдан әрі – СТК)

және т.б. белгілер соғылған істерге ерекше назар аудару қажет болады. СТК белгісі істе құнды құжаттар болуы мүмкін екендігін көрсетеді. Сондықтан оларды сақтауға тапсыру немесе жоюға бөлу туралы тұжырымды шешім тек құжаттарды қарап, зерттеп шықаннан кейін, мекеменің сараптау комиссиясы мен Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің сараптау-тексеру әдістемелік комиссияларының (тараптарынан) келісімдері алынған соң ғана жасалады. Істерді ретке келтіру барысында сақталу мерзімдері нақтылана түседі. Істерді ведомстволық архивке тапсыруға дайындау кезінде оларды сақталу мерзімдерінің ұзақтығына қарай келесідей топтастырып, ресімдейді: тұрақты және уақытша (10 жылдан жоғары) сақталатын істерге тізімдеме жасалады; 10 жылға дейінгі мерзімде сақталатын құжаттарға тізімдеме жасау міндетті емес; анықтамалық сипаттағы қысқа мерзімді құжаттар (5 жылға дейін сақталатын) істер номенклатурасында белгіленеді және сақтау мерзімі өткен соң құрылымдық бөлімшелердің өзінде акті арқылы жойылады. Құжаттар құндылығына сараптама жасау ісі ұйымдық-өкімдік және жоспарлау-есеп беру құжаттамаларын зерттеуден басталады. Мұнымен қоса ол құжаттардың түпнұсқа даналары қай құрылымдық бөлімшелерде екендігі анықталады. Тұрақты сақтауда тұрған құжаттардың кейбірі жоғалған жағдайда оларды іздестіруге байланысты шаралар қолданылады. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің толықтыру көзі болып табылатын мекемелерде құжаттар құндылығына сараптама жасауды ұйымдастырып, өткізу үшін сараптама комиссиясы (бұдан әрі – СК) және ҚР Президенті Архивінің Сараптау-тексеру әдістемелік комиссиясы (бұдан әрі – СТӘК) – тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган ретінде қызмет етеді. Құжаттар құндылығына сараптама жасау нәтижелері бойынша мынадай жаңа құжаттар жасалады: тұрақты сақталатын істер тізімдемесі; уақытша (10 жылдан артық) сақталатын істер тізімдемесі; сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актілер. Істер тізімдемесі бастапқы анықтама болып табылады. Соның негізінде ақпараттық-іздестіру анықтамаларының өзге түрлері жасалады. Тізімдеме үш бірдей маңызды функцияны атқарады: істердің есепке алынуын қамтамасыз ету; оларды қор ішіндегі жүйеге орнықтыру; құжаттық кешендердің құрамы мен мазмұнын ашу. Істер тізімдемесі құндылық сараптамасынан өткен, реттеліп, белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген тұрақты және ұзақ уақыт сақталатын істерге арналып жасалады. Тізімдемелер мекеменің құрылымдық бөлімшелеріндегі іс қағаздарын жүргізу процесінде және ведомстволық архивтерде дайындалады. Құжаттар мен істерді жоюға бөлу туралы актіге сақтау мерзімі өткен құжаттар енгізіледі. Актілер СК мен СТӘК мәжілістерінде тиісті хронологиялық кезеңнің істер тізімдемелерімен қоса қаралады.

Құжаттар құндылығына сараптама жасау – мекемелерді басқарудың болып табылады құжаттамалық қамтамасыз ету орындарының жауапты бір жұмыс бағдары. Мемлекеттік архивтерді құнды, толық мәліметтермен жинақталған құжаттармен толықтыру сапасы ең алдымен осы сараптама жұмыстарының сапалы, тиісті талаптарға сәйкес жүргізілуіне байланысты. Бұл өз кезегінде жалпы құжаттық мұралар сапасына әсер етеді. Сондықтан құжаттар құндылығына сараптама жасау маңызды және жауапты жұмыстардың бірі болып қала бермек.

АРХИВТІҢ ТОЛЫҚТЫРУ КӨЗДЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ҰЙЫМДАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ



*Ф.Т. Дуванова,
Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің
XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерделеу
орталығының біліктілігі жоғары деңгейдегі архивисті*

2022 ж. 25 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде Алғыс айту күніне арналған «Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінің этномәдени бірлестіктердің құжаттарымен толықтыру ерекшеліктері» атты әдістемелік Дөңгелек үстел өтті. Аталған шараның негізгі мақсаты – этномәдени бірлестіктердің құжаттарын, олардың қазіргі Қазақстан тарихының деректі мұрасының құрамындағы құндылығын насихаттау.



Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві этномәдени бірлестіктермен жұмыс жүргізуді 2006 ж. бері атқарып келеді. Бүгінде Архивтің толықтыру көздері тізімінің құрамына 14 республикалық этномәдени бірлестік кіреді. Этномәдени бірлестіктермен жұмыс жүргізу жүйелі

жолға қойылған. Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп өткізілетін жұмысты жан-жақты жариялауды қамтамасыз етіп, бірыңғай тарихи-мәдени кеңістікті және қазақстан-дықтардың тарихи санасын қалыптастыруға қызмет көрсетеді.

Қазақстан Республикасының 1998 ж. 22 желтоқсандағы «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңына сәйкес құжаттарды мемлекеттік сақтауға өткізгенге дейін олар мекеме, ұйым архивінде уақытша ведомстволық сақтау сатысынан өтеді. Құжаттарды сақтау және олардың сақталуын қамтамасыз ету басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету процесінде мекемелер жұмысының жауапты учаскелері болып табылады.

Нормативтік-әдістемелік құжаттарға сәйкес ведомстволық архив дербес құрылымдық бөлімше ретінде немесе мекеменің құжаттамалық функцияларын орындауға жауапты құрылымдық бөлімшенің бөлігі ретінде құрылады. Ведомстволық архив өз қызметін міндеттерді, функцияларды, толықтыру

көздерін және қабылданатын құжаттардың құрамын айқындайтын ол туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады. Ведомстволық архив туралы ережені Қазақстан Республикасы Президентінің Архивімен келісім бойынша мекеме басшысы бекітеді. Мекеме құрылымында ведомстволық архив құру мүмкін болмаған жағдайда ведомстволық архивті жүргізу жөніндегі міндеттерді құзыретті қызметкерге мекеменің нормативтік актісіне бекіту қажет. Ведомстволық архивтің немесе архивке жауапты қызметкердің жұмысын жоспарлау қажет. Ведомстволық архив жұмысының тиімділігі оның қызметін реттейтін нормативтік базаға, персоналға, орынжайға және жабдыққа қаражат салуға байланысты.

Ұйымның ведомстволық архивінде құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар жүзеге асырылады:

1. Материалдық-техникалық базаны (орынжайлар, құжаттарды сақтау құралдары, жабдықтар және сол сияқтылар) құруды және дамытуды көздейтін құжаттарды сақтауды ұйымдастыру бойынша;

2. Құжаттарды уақытша сақтаудың нормативтік шарттары мен параметрлерін жасау және сақтау бойынша (температуралық-ылғалдылық, жарық, санитарлық-гигиеналық, күзеттік сақтау режимі);

3. Алдын алу сипатындағы (құжаттардың физикалық-химиялық сақталуын қамтамасыз ету, архив қоймаларынан құжаттарды беруді регламенттеу, құжаттардың бар болуы мен жай-күйіне тексеру жүргізу).

ҚР Президенті Архивінің толықтыру көздері болып табылатын мекемелерде Ұлттық архив қорының құжаттарын құжаттандыру мен сақтауды ұйымдастыруды бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында архив қызметкерлеріне мекемелерге жетекшілік ету директордың бұйрығымен бекітілген. Кураторлар мекемеге құжаттар құндылығына сараптама жүргізуде және істерді қалыптастыруда әдістемелік және жекелеген жағдайларда мынадай тәжірибелік көмек көрсетеді: істер номенклатурасын жасау, ведомстволық архив туралы және Сараптау



комиссиясы туралы ережелерді дайындау және келісу, тұрақты, жеке құрам бойынша істердің оларға ғылыми-анықтамалық аппараттың тізімдемелерін, құжаттарды жоюға бөлу туралы актіні жасау бойынша. Істерді қалыптастыру және ресімдеу сапасын, тізімдемелердегі ақпараттың толықтығын тексереді.

Мекеме туралы ақпаратты орталықтандырылған жинау және сақтау үшін куратор бақылау ісін жүргізеді. Оларда істер номенклатурасы, нұсқаулықтар, тексеру нәтижелері туралы анықтамалар, ведомстволық архивтің паспорттары және басқа да ақпараттық-анықтамалық құжаттама орналастырылады.

ҚР Президенті Архивінің жыл сайын толықтыру көздері болып табылатын мекемелердің қатысуымен толықтыру көздері болып табылатын мекемелердің іс

жүргізу және архив қызметтерінің жұмысын бақылау үшін құжаттан-дыруды және құжаттарды ведом-стволық сақтауды дамыту бойынша бірлескен іс-шаралар жоспарын жасайды және бекітеді (Алматы қ. бойынша). Архив қорын қалыптастыру қызметі мекемелермен, ұйымдармен архив ісін дамыту жөніндегі бірлескен іс-шаралар бағдарламаларының орындалу барысын үнемі бақылап отырады. ҚР Президентінің Архивімен архив ісін одан әрі дамыту жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарларын орындау белгіленген мерзімдерге сәйкес орындалады.

Мекемелерде іс жүргізудің жай-күйін бақылау функцияларын және Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды қамтамасыз ету үшін Архив Дирекциясының отырыстарында мекемелердің есептерін тыңдау дәстүрі қалыптасқан. Нәтижесінде, Дирекция шешімінің қорытындысы бойынша құжаттарды сақтау жағдайларын жақсарту және олардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданған.

Сондай-ақ Алматы қ. мекемелердің ведомстволық архивінде уақытша сақталатын құжаттар – архивті толықтыру көздері бойынша есептік мәліметтерді нақтылау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осы жылы архивтің жүргізілуіне байланысты толықтыру көздері болып табылатын мекемелердің ведомстволық архивінде уақытша сақталатын Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын есепке



алуды төлқұжат нысандары жолданады. Этномәдени бірлестіктердің басшыларынан осы жұмысты құжаттар бойынша есептік мәліметтерді нақтылау бойынша (2021 ж. 1 желтоқсандағы жағдай бойынша) ұйымдастыруды, төлқұжаттардың нысандарын толтыруды 2022 ж. 1 маусымға дейін Архивке жіберу қажет екендігі айтылды.

Сонымен бірге Архив тарапынан қоғамдық бірлестік қызметі барысында пайда болған кез келген құжаттарға барынша мұқият қарау маңыздылығына тоқталып, ұйым басшыларына олардың қорын мүмкіндігінше толық қалыптастыруға және әр түрлі құжаттармен толықтыруға кеңестер берілді.

ҚР Президентінің Архиві еліміздегі қоғамдық ұйымдардың құжаттарымен Ұлттық архив қорын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді. Аталған жұмыс басым бағыттардың бірі болып қала береді және тұрақты негізде жүргізілетін болады.

Шарада Қазақстан халқы Ассамблеясы мен этномәдени бірлестіктер құжаттарының Қазақстан тарихы үшін маңыздылығы мәселелері, архив жұмысын әдістемелік сүйемелдеу, этномәдени бірлестіктер құжаттарын насихаттау және танымал ету бойынша ақпараттық жұмыс, ХХ ғ. Қазақстан халқының полиэтникалық құрамының қалыптасу тарихы мәселелері де талқыланды.

Әдістемелік Дөңгелек үстел жұмысына Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, этномәдени бірлестіктердің өкілдері және жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

БАСТЫ МАҚСАТ – ТАРИХ САҚТАУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ



*Ә.Н. Бақтыбаева,
Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің
Баспасөз қызметінің аға сарапшысы*

2022 ж. 15–17 маусым аралығында Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің ұйымдастыруымен Жас архившілердің V Жазғы мектебі өтті. Дәстүрлі шара 2017 ж. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірлесіп ұйымдастыруынан бастау алған болатын. Биылғы жастар форумы «Цифрлық трансформация жағдайындағы ұлттық архивтік заңнамалар» тақырыбында аралас форматта (офлайн және онлайн Zoom платформасында) ұйымдастырылды.



Жазғы мектепті Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры Мұстафина Әлия Құсайынқызы ашты. Өз кезегінде Ә.Қ. Мұстафина Жазғы мектептің жас мамандардың біліктілігін арттыру, жаңа технологиялар мен архив жұмысындағы заманауи әдістермен танысу, архив саласындағы халықаралық қатынастарды дамытудағы маңызын атап өтті. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Жалпы бөлімінің меңгерушісі Нұрдәулет

Төлеұлы Төлеевтің Жазғы мектептің қатысушыларына жолдаған құттықтау сөзін оқыды. Н.Т.Төлеев өз құттықтауында тыңдаушылардың біліктілігін арттыруға, архив ісінде жаңа идеяларды жүзеге асыруға, IT-технологияларын қолдануды ілгерілетуге, қатысушы елдердің Архив қызметтері арасындағы әріптестік қатынастарын нығайтуға ықпал ететін танымал диалог және озық тәжірибе алмасу алаңына айналған жас архившілердің Жазғы мектебінің жұмысына жақсы нәтижелер мен сәттіліктер тілеген. «Бүгінде бүкіл әлем жылдам өзгерістер жағдайында өмір сүруде. Бір жағынан бұл біздің жаңа сын-тегеуріндерге сәйкестігімізді қажет етсе, енді бір жағынан, жаңа білімді игеру арқылы бәсекеге қабілеттігімізді арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл тезистердің архив ісіне де толықтай қатысы бар» – деп атап өтілген құттықтау сөзде.




Шараның салтанатты ашылуында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры Темірболат Бақытжан Берікбайұлы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің президенті Пивовар Ефим Иосифович, Бүкілресейлік архив ісі және құжаттану ғылыми-зерттеу институтының директоры Кюнг Павел Алексеевич, Өзбекстан Республикасы «Өзархив» агенттігінің директоры Юсупов Улугбек Мирталибович, Беларусь архив ісі және құжаттану ғылыми-зерттеу институтының директоры Рыбаков Андрей Евгеньевич қатысушыларды құттықтап сөз сөйледі.

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры Ә.Қ. Мұстафина өз баяндамасында қоғам өмірінің барлық саласында болып жатқан іргелі өзгерістер барлық елдердің архивтерінің алдына жаңа талаптар қойып жатқанына назар аударды. Бүгінде құжаттарды сақтау архив ісі шеңберінен шығып, әрбір мемлекеттің орнықты дамуының стратегиялық маңызды бағыттарының тізбегіне ие болды. Қазіргі қоғамдағы ақпарат рөлінің артуы архив құжаттарының тұрақты құндылығын арттырды. Осы жаңашыл бастамаларды игеру үшін жыл сайын Жазғы мектепке қатысушылардың саны артып келеді. Егер 2017 ж. шараға 49 адам қатысса, өткен жылы – 276, биыл – 390 өтініш келіп түсті.

Бүгінде беделі артып, бірнеше елдің белді ғалымдары мен мамандарының басын бір арнаға қосқан жастар форумында архив ісі саласындағы жаңа технологиялар және заманауи әдістермен таныстыру басты міндет. Осы мақсатта әр елдің архив саласындағы білікті мамандары – ресейлік Михаил Васильевич Ларин, Филипп Георгиевич Тараторкин, Лада Павловна Афанасьева, Николай Владимирович Цыремпилов, белоруссиялық Андрей Евгеньевич Рыбаков, өзбекстандық Анваржон Орифжонович Алиев, оңтүстік корейлық Мун Хён Сук, қытайлық Лю ЮэНань, моңғолиялық Амаржавтан Баянбилэг Петруш және қазақстандық Марс Бекқалиұлы Ғаббасов дәріс оқыды.

Бүгінгі цифрлық форматқа көшу үрдісіне байланысты әлемдегі кешенді өзгерістер кезеңінде құнды ақпараттарды сақтап қалу бойынша сақтық қадамдар жасау қажет. Заман талабына сай архивтік құжаттың электрондық нұсқасын пайдалану оңтайлы шешім болғанымен, цифрлық трансформация технологиясын енгізуде кибер шабуылдардың құрбаны болуы мүмкін тәуекелдердің барын ұмытпауымыз керек.



Моңғолиядан тындаушылар

Сондықтан архивтік құжаттардың түпдеректерін сақтаудың жөні бөлек. Бұл жауапты жұмыстарды игеріп жүрген архившілерге деген талаптар күн санап өсіп, заманауи білікті мамандар дайындау әр мемлекеттің басымдық бағыттарына айналып отыр. Осы мақсатта ұйымдастырылған Жас архившілердің тәжірибе алмасуға арналған дәстүрлі жазғы форумын уақыт талабына сай кадр дайындаудың алаңы деп білеміз. Технологияның тілі қарыштап дамып жатқан заманда архивтік құжаттардың цифрлық форматының дерек қорын кәсіби меңгерген архивші мамандар дайындау бүгінгі басты парыз.

Жазғы мектепке отандық архившілермен қатар Армения, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Ресей Федерациясы, Оңтүстік Корея мекемелерінің мамандары қатысты. Өзбекстандық, қырғызстандық архившілер шараға офлайн қатысты. Қазіргі оқытудың онлайн форматы географиялық шеңберді кеңейтіп, қатысушылар құрамын түрлендіре түсті. Тұңғыш рет тыңдаушылар ретінде ТМД елдерінен тыс Қытай және Моңғолия елдерінің архив саласының қызметкерлері қатысты.



V Жазғы мектептің соңғы күні қатысушыларға Алматы қаласының көрікті жерлерінің бірі – Шымбұлақта сертификаттар табысталды. Халықаралық үлгідегі сертификатқа шараны ұйымдастырушы мекемелердің басшылары – Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры Ә.Қ. Мұстафина, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің ректоры А.Б. Безбородов және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ж.Қ. Түймебаев қол қойған.

Ұйымдастырушылар 2023 жылы өтетін VI Жазғы мектеп дәстүрлі форматта өтетініне сенім білдіріп, жас архившілерді келесі жылы да өзара тәжірибе алмасуға, білімдерін толықтыруға шақырды.

ПУТЬ ЗНАНИЙ ХРАНИТЕЛЕЙ ИСТОРИИ



*Б. Бейсенбеккызы,
эксперт Учебно-методического центра
Архива Президента Республики Казахстан*

С 2017 г. Архив Президента Республики Казахстан совместно с Российским государственным гуманитарным университетом и Казахским национальным университетом им. аль-Фараби проводит международную Летнюю школу молодых архивистов. В 2021 г. мероприятие было организовано в формате онлайн. В этом году юбилейная V Летняя школа прошла в смешанном формате, большая часть как участников, так и спикеров принимали участие онлайн. Порядка 40 слушателей приняли участие офлайн, приехав в Алматы.

Актуальность темы V Летней школы «Национальное архивное законодательство в условиях цифровой трансформации» обусловлена значимостью использования цифровых технологий в архивном деле, способствующих совершенствованию нормативно-правовой и методической базы функционирования архивной сферы.

Архив Президента Республики Казахстан известен как научно-методический центр в области архивоведения в Казахстане. Российский государственный гуманитарный университет является крупнейшим образовательным центром по подготовке архивистов и документоведов в Российской Федерации и странах СНГ, который ежегодно оказывает содействие и принимает участие в проведении этого важного для архивистов мероприятия. КазНУ имени аль-Фараби занимает лидирующую позицию среди высших учебных заведений Казахстана, где готовят квалифицированных кадров в области архивного дела и документации.

15 июня на Торжественном открытии с приветственными словами к участникам форума обратились директор Архива Президента РК А.Х. Мустафина, заведующий Общим отделом Администрации Президента РК Н.Т. Толеев, директор Библиотеки Первого Президента РК – Елбасы Б.Б. Темирболат, президент Российского государственного гуманитарного университета Е.И. Пивовар, ректор КазНУ им. аль-Фараби Ж.К. Туймебаев, председатель Комитета по делам архивов и управления документацией Министерства культуры и спорта РК К.К. Бораш, директор ВНИИДАД П.А. Кюнг, директор БелНИИДАД А.Е. Рыбаков, директор агентства «Узархив» У.М. Юсупов.

Директор Архива Президента Республики Казахстан А.Х. Мустафина рассказала, что за прошедшие годы в Летней школе приняли участие более 500 специалистов, сотрудников архивных учреждений стран СНГ, а также студенты и магистранты ВУЗов, специализирующиеся на изучении архивного дела. В своем выступлении директор ВНИИДАД П.А. Кюнг отметил важность Летней школы, которая позволяет передать знания молодым архивистам и обменяться последними работами в архивной сфере.

В этом году спикерами мероприятия стали известные ученые, архивисты-практики М.В. Ларин, Л.П. Афанасьева, Н.В. Цыремпилов (Россия), А.О. Алиев (Узбекистан), А.Е. Рыбаков (Беларусь), М.Б. Габбасов, Г.Ж. Мукажанова (Казахстан), Б.П. Амаржавтан (Монголия), Мун Хен Сук (Южная Корея) и Лю Юэнань (КНР).



Спикеры рассказали об особенностях государственной информационной политики, о влиянии цифровой трансформации на развитие нормативной базы архивов своих стран, а также отметили основные направления цифровизации – создание электронного фонда пользования, создание информационных систем удаленного доступа, развитие интегрированной информационной системы архивной отрасли. При этом, было подчеркнуто, что переход к электронному делопроизводству требует пересмотра стратегии, моделей, цифровой трансформации системы управления путем внедрения цифровых технологий.

Особый интерес аудитории вызвала лекция спикера из Узбекистана А.О. Алиева, руководителя Информационной службы Агентства «Узархив» Республики Узбекистан. В своем выступлении он рассказал о состоянии и динамике развития электронных архивов в Узбекистане, выделил проблемы, возникающие в этой сфере.

Например, одной из серьезных проблем является традиционное отставание законодательства от потребностей рынка и возможностей ИТ. До сих пор не урегулированы процессы передачи на архивное хранение документов в электронном виде.



По мнению А.О. Алиева подобные вопросы могут быть решены только на законодательном уровне.

Руководитель Центра прикладных и научных проектов Архива Президента Республики Казахстан Г.Ж. Мукажанова обратила внимание на необходимость разработки единых функциональных, технических и технологических требований передачи электронных документов из информационных систем на долговременное и постоянное хранение, на проведение комплексного реинжиниринга бюджетного и нормотворческого процессов.

Лектор из Монголии – старший специалист отдела мониторинга, анализа и оценки Главного архивного управления Монголии Б.П. Амаржавтан в своем выступлении подробно рассказал о Плате действий Правительства на 2020–2024 гг., подчеркнув, что сейчас архивисты Монголии работают над укреплением цифровой экономики путем широкого внедрения достижений в области коммуникаций и информационных технологий, развития наукоемких высокотехнологичных отраслей и повышения конкурентоспособности, внедрением к 2023 г. нового поколения передовых 5G технологий по всей стране.

В ходе Летней школы слушатели активно задавали вопросы, обсудили проблемы оцифровки бумажных документов. В свою очередь лекторы обратили внимание на то, что в перспективе архивные услуги будут оказывать искусственный интеллект. О применении в оцифровке архивных документов технологий искусственного интеллекта подробно рассказали генеральный директор ТОО «Компания системных исследований «Фактор» М.Б. Габбасов и заведующий кафедрой «Автоматизированных системы документационного обеспечения управления» Историко-архивного института Российского государственного гуманитарного университета профессор М.В. Ларин.



В Летней школе приняли участие 390 специалистов из Азербайджана, Армении, Белоруссии, Казахстана, Кыргызстана, России, Узбекистана, Китая, Монголии. Смешанный формат обучения позволил привлечь большое количество участников, многие из которых отметили, что Летняя школа – прекрасная возможность обсудить с коллегами наиболее актуальные проблемы в своей сфере, услышать мнения экспертов и узнать о новых направлениях развития архивного дела.

Участие слушателей в V Летней школы молодых архивистов подтверждено специальными сертификатами, подписанными руководителями учреждений-организаторов мероприятия: ректорами Российского государственного гуманитарного университета А.Б. Безбородовым и Казахского национального университета имени аль-Фараби Ж.К. Туймебаевым и директором Архива Президента РК А.Х. Мустафиной.

Слушателям Летней школы, участвовавших очно, были вручены сертификаты в живописном месте Алматы – на горнолыжной базе Шымбулак, расположенной в ущелье Заилийского Алатау.



Организаторы надеются, что VI Летняя школа в 2023 г. пройдет в традиционном формате и слушатели, и спикеры смогут собраться в Алматы в Архиве Президента РК.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫН САРАПТАУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ



*А.И. Шорманова,
Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің
Цифрландыру және электрондық архивтерді
дамыту қызметінің сарапшысы*

Электрондық архивтік құжаттардың құндылығын сараптау тәртібі тұтастай алғанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 ж. 19 қыркүйектегі № 575 қаулысымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларында айқындалады. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құрамына электронды түрде жасалған тұрақты сақтау мерзімі бар электрондық құжаттары кіреді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын электрондық құжаттармен толықтыру электрондық құжаттардың шығу тегі мен мазмұны критерийлерін кешенді қолдану негізінде жүзеге асырылады. Осы тұрғыда жинақтау көзінің функционалдық-нысаналы мақсаты, ұйым өз функцияларын орындау үшін электрондық құжаттар жасалатын ақпараттық жүйенің маңыздылығы, электрондық құжаттарды жасау уақыты мен орны, электрондық құжат ақпаратының маңыздылығы (бірегейлігі және типтілігі), электрондық құжат ақпаратын тұрақты сақталатын құжаттар ақпаратында басқа тасығыштарда қайталауы, электрондық құжаттардың түрлілігі, электрондық құжаттың түпнұсқалығы зерттелінеді.

Электрондық құжаттардың сыртқы ерекшеліктерінің өлшемдеріне электрондық құжаттары бар электрондық тасығыштардың сипаттамасы және физикалық жай-күйі жатады. Электрондық құжаттардың құндылығын сараптаудың қосымша критерийлеріне қор құжаттарының сақталу дәрежесін (электрондық және өзге де тасығыштарда), электрондық құжаттардың ақпаратын жаңғырту және өңдеу мүлениндегі түпнұсқамың бағдарламалық құралды пайдаланбай электрондық құжаттардың ақпаратын жаңғырту және өңдеу мүмкіндігін, электрондық құжаттарды ұзақ уақыт сақтауды, жаңа форматтарға түрлендіруді және технологиялық тұрғыдан жаңа тасымалдаушыларға көшуді қамтамасыз ету мүмкіндігін жатқызуға болады.

Сонымен, ұйымдар тәжірибесінде түпнұсқалық электрондық құжаттардың ұзақ мерзімді сақталуын және оларға қолжетімдікті қамтамасыз ету үшін, мұқият ойластырылған стратегиялар жасауы және қолдануы тиіс. Соның барысында ақпарат сақтаушылар алты негізгі факторға назар аударуға тиіс:

1) Электрондық құжаттардың оқылымдылығы. Ұзақ мерзімді сақтауды қамтамасыз ету стратегиясы электрондық құжаттар болашақта оқылатындай болуына бағытталған.

2) Электрондық құжаттардың түсіндірілімдігі. Бұл электрондық құжаттардың дұрыс түсіндірілуі мен көрсетілу мүмкіндігін қамтамасыз ету керек екенін білдіреді.

3) Электрондық құжаттардың сәйкестігі. Сәйкестендірілген электрондық құжаттарды, пайдаланушылар мен ақпараттық жүйелерге аты немесе сәйкестендіру нөмірі сияқты бірегей атрибут негізінде ақпараттық объектілерді ажыратуға мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастыру, жіктеу және сипаттау керек. Жалпы атрибуттар негізінде электрондық құжаттарды топтастыру ақпаратты іздеу мен алуды жеңілдетеді. Осындай сәйкестендірудің болмауы ақпаратты іздеу мен алу мүмкіндігін қатты шектейді.

4) Электрондық құжаттардың қолжетімдігі. Ол жекелеген ақпарат объектілерін (немесе олардың бөліктерін) алуға және көрсетуге болатынын білдіреді.

5) Электрондық құжаттардың түсініктілігі. Электрондық құжаттар түсінікті болу үшін, компьютер де, адам да ондағы бар ақпаратты қабылдауға қабілетті болу керек. Жекелеген құжат мәні тек оның мазмұнымен (контентімен) ғана анықталмайды, ол, ең дұрысында, оны құру және пайдалану мәнмәтінімен (яғни метадеректер негізінде) анықталады. Осыған байланысты ақпарат сақтаушылар, электрондық құжаттың түсініктілігін қамтамасыз ету, қағаз құжатына қатысты тура сол міндетті шешуден түбегейлі түрде басқа болатындығын түсіну керек. Әдетте құру және пайдалану мәнмәтінін физикалық сипаттамалары беретін қағаз құжаттамасынан айырмашылығы, электрондық құжаттарды пайдалану және құру мәнмәтіні әдетте физикалық деңгейде емес, логикалық түрде байланысады.

6) Электрондық құжаттардың түпнұсқалығы. Түпнұсқалық электрондық құжаттар – ол олар болуы тиіс құжаттар болып табылады, яғни бірталай уақыт өтсе де бұзылмаған, өзгертілмеген немесе қандай да болмасын бүлінбеген сенімді ақпарат.

Электрондық архив құжаттарының сақталуына нормативтік жағдайлар жасау, оларды сақтаудың нормативтік режимдерін (температуралық-ылғалдылық, жарық, санитариялық-гигиеналық, өрт және күзет режимдерін) сақтау, құжаттарды сақтаудың арнайы құралдарын (стеллаждар, шкафтар, орамалар) қолдану, сондай-ақ құжаттарды архив қоймасына орналастыруды, оларды сақтауды ұтымды ұйымдастыруды қамтитын сақтауды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі. Электрондық құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету жұмыс даналарының қосымша көшірмелерін жасау қажеттілігін, сондай-ақ электрондық құжаттарды зиянды компьютерлік бағдарламалардың («вирустар» және т. б.) әсерінен, қоршаған ортаның зиянды әсерінен қорғауды да қамтиды. Электрондық құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар электрондық құжаттардың ерекшелігін ескере отырып, Қағидаларда жазылған жалпы талаптарға сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттардың архив қоймасы зертханалық, өндірістік және тұрмыстық үй-жайлардан барынша қашық болуы және олармен ортақ желдеткіш арналары болмауы тиіс. Ауа баптау жүйелері (табиғи немесе жасанды желдету) алмасу жиілігі 2–3 ауаның рециркуляциясын, температуралық ылғалдық режимінің тұрақтылығын, ауаны шаң мен агрессивті қоспалардан тазартуды қамтамасыз етуі тиіс. Электрондық құжаттарды сақтау орны электр қозғалтқыштарынан, трансформаторлардан,

лифт жабдықтарынан, магниттік және электромагниттік өрістердің басқа көздерінен алыс болуы тиіс. Электрондық жеткізгіштермен жұмыс істеуге арналған аппаратураның электр тогымен зақымданудан қорғанысы болуы тиіс.

Жалпы айтқанда, бүгінгі таңда электрондық құжатты қалыптастырудың, құндылығын сараптаудың және сақтаудың бірыңғай тәртібі заңнамамен бекітілген. Алайда, технологиялардың қарқынды дамуы орнатылған шындықтан заңнамалық базасының тұрақты кешеуілдеуі байқалуда. Терминология мәселесі ашық талқылануда және бұл түсініктемелер мен ұғымдарды қолдануда белгілі бір қиындықтарға әкеліп соқтырады. Ең бастысы, 2003 ж. бастап, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының қабылдауынан бері «электрондық құжат» анықтамасының өзгеріссіз қалуы. Сол кезеңде ақпараттандыру және электрондық құжат айналымы саласындағы заңнама айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Қолданыстағы архивтік заңнамасының негізіне қағаз құжаттармен дәстүрлі жұмыс принциптері енгізілген. «Электрондық құжаттардың бірыңғай архиві» ақпараттық жүйесінің тәжірибелік іске қосуы қолданыстағы заңнамамен бекітілген электрондық құжаттардың жедел және ведомстволық сақтау мерзімдерін қайта қарастыруды талап етілетінін көрсетті. Екпінді ақпараттық және және коммуникациялық даму жағдайында 15 жылдық мерзім – ұзақ мерзім, бұл уақытта технологиялардың бір емес өзгеруі, енді істен шығарылған жүйелерде қалыптастырылған деректер топтамасын мемлекеттік сақтауға қабылдау едәуір қиындататыны байқалуда. Электрондық құжаттарды тікелей сақтау үдерістерін қарастыру және егжей-тегжейлі реттеу қажеттілігі туындалды. Өйткені қолданыстағы заңнамалардың көбі үстіртін.

Күн тәртібіне әр түрлі жүйелерде автоматты түрде тудырылатын ақпаратты, веб-ресурстардың мәліметтерін және деректер базасын басқару, сақтау және келесі пайдалану, блокчейн технологияларын ендіру және пайдалану, BigData, жасанды интеллект және т.б. сияқты мәселелер талқылауға қойылуда. Мемлекет тарапынан белсеңді жүргізілетін экономиканы цифрлық трансформациялау саясаты архивтердің инновациялық технологияларды ендіру мен пайдалануына негізделген цифрлық ақпаратпен жұмыс жасауының жаңа тәсілдерін және әдістерін талап етілетіні айқын.

Осылайша, цифрландыру жағдайында мемлекеттік органдарының құжаттамалық ресурстарымен жұмысты тиімді ұйымдастыру міндеттердің тұтас кешенінің шешіміне байланысты. Олардың ішінде – цифрлық ортаның нормативті реттеуі, мемлекеттік қызметшілерді басқаруды ақпараттық-құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы базалық құзыреттерді қалыптастыру, заңды маңызы бар ақпараттық-құжаттамалық ресурстарын құру өңдеу, сақтау, ұсыну бойынша ұйымдастырушылық, басқарушылық, аналитикалық, техникалық міндеттердің барлық кешенін шешуге және жүзеге асыруға қабілетті мамандарды даярлауға кешенді көзқарас; цифрландыру жағдайында мемлекеттік органдар үшін ақпараттық-құжаттамалық ресурстарды басқару функциясын жүзеге асыратын бөлімшелердің қызметін мониторингілеуге негізделген үлгілік ұйымдық құрылымдар мен функционалдылыққа қойылатын талаптарды әзірлеу. Бұл, ең бастысы, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде және тиісті әдістемелік құжаттарда «сандар», «деректер», «ақпарат» сияқты терминдерінің материалдық тасымалдағышқа жазылған ақпаратты білдіретін «құжат», «электрондық құжат»,

«заңды мәніндегі құжат», «құжатталған ақпарат» терминдерімен сәйкестігін, айырмашылығын анықтау, мемлекеттік органдардың интернет ресурстарында (сенімді ортадан) алынатын ақпараттың құқықтық мәртебесін анықтау қажеттігін көрсетеді. «Сенімді ортадан алынатын ақпарат электрондық құжат бола ала ма, жоқ па? Электрондық құжат деп тек электрондық цифрлық қолтаңбасы бар нысаны ғана заңды түрде қабылданады ма?», «Электрондық құжат» терминін нақтылау, тереңдету мәселелері талқылауда.

Жұмыс барысында көптеген салалық ақпараттық құжаттамалық жүйелерде электрондық түрдегі құжаттардың форматы А4 дәстүрлі жеткізгіштегі құжаттың форматынан өзгеше қалыптастырылатыны байқалды. Соған байланысты, қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 ж. 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу шаралары жүзеге асырылуда. Осындай жағдайларды (сәйкессіздіктерді) болдырмау үшін, келесі ақпараттық құжаттамалық жүйелерді және оларғы қатысты әдіснамаларды әзірлеу, жетілдіру, талдау, сараптау барысында құжаттанушылардың, архивтанушылардың пікірлерін қосу, дегенмен, IT-мамандары мен құжаттанушылардың, архивтанушылардың бірлескен жұмысы қолға алынды.

Жоғарыда баяндалған мәлеметтерді ескере отырып, электрондық құжаттану мен архивтанудағы қазіргі қалыптасқан жағдай, электронды түрде іс жүргізу мен архив ісі қызметінің заңнамалық негіздері, электрондық құжаттар мен электрондық құжат айналымы жүйелері туралы ғылымның теориялық түсініктеріне және электрондық құжаттармен жұмыс тәжірибесінің әдіснамалық нормаларына көзқарастар, электрондық құжаттық мұраны қорғау мен сақталуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелері республиканың құжаттанушылары мен архивтанушылары үшін ғана емес, құжатпен жұмыс жасайтын барлық қазақстандық азаматтарға соңғы жиырма жыл ағымында елеулі ғылыми және тәжірибелік қызығушылық тудыратынын айтуға болады.

Электронды құжатты күнделікті өмірге енгізу үрдісі бір күнде емес, көп уақыт алатынын ескере отырып, осы процесс дұрыс бағытта, оңтайлы нұсқада жүргізілетінін үздіксіз байқау қажет екенін түсіну керек, өткені кейбір жағдайларда электрондық құжат қалыптастыру үшін пайдаланылатын ақпараттық жүйелер тиімсіз, оңтайландыруға жатпайтын болса, онда құжаттық ақпараттық жүйені қайта әзірлеу, ұйым қызметіне қайта енгізу, апробациялау, жаңа жүйемен қызметкерлерді қайта оқыту, қайта талдау тура келеді. Әр түрлі ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы ұйымдарында пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің жиынына, күрделілігіне назар аудара отырып, шешімдерінің ең дұрысы – нақты бір ұйымның не нақты бір саланың құжаттарын зерттеу арқылы сол зерттеудің нәтижелерін үлгі ретінде, типтік нұсқа ретінде қолданып, басқа ұйымдардың құжат айналымы процестерін түсіне алу. Ал бұл құжаттану және архив ісі мәселелері Қазақстан Республикасының мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарының барлықтарына қатысты деп түсіну жөн.

ҰЛТ ҰСТАЗЫ А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ БІР ХАТЫ



*Ә.Т. Сүлейменова,
Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің
Архив қорын қалыптастыру қызметінің аға сарапшысы,
тарих ғылымдарының кандидаты*

150-летие Ахмета Байтұрсынова

Ахмет Байтұрсыновтың РК(б) П Қырғыз Облыстық комитетінің атына А. Кенжинді халық ағарту комиссариатының қарамағында қалдыруды сұраған хаты Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қорынан алынды.

Тарихтан белгілі Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет 1919 ж. шілде – 1920 ж. 10 қазан аралығында 15 ай бойы қызмет етті. Аталған орган қазақ даласында кеңестік мемлекеттіліктің қалыптасуы жолындағы жұмыстарды жүзеге асырды. Революциялық комитеттің құрамына кеңес билігіне қарсы күрескен Ахмет Байтұрсынов, Байқадам Қаралдин, Ғалиасқар Әлібековтер сияқты қазақ зиялылары енді. Олардың комитет құрамына енуі Қазақстанда кеңес үкіметін құру ісіне өзге де Алаш қайраткерлерінің қатысуына жол ашты. 1919 ж. екінші жартысы мен 1920 ж. басында Революциялық комитеттің кейбір мүшелерінің бастамасымен Алаш қозғалысына қатысушыларға рақымшылық жасау туралы мәселе бірнеше рет көтеріледі. Бұл біріншіден, жаңа қоғамда талантты ұлттық зиялы қауымның біліміне деген сұраныстың туындауына байланысты және екіншіден, кеңестік құрылыстың зайырлы екендігін көрсету, үшіншіден, ұлттық келісім саясаты қанды қасапқа ұшырататын қақтығыстардың жалғасуынан сақтандырып, бейбіт құрылыс саласындағы қажыр-қайратты тезірек нығайту сияқты алғышарттармен түсіндірілді. Мемлекеттіліктің негізін қалаған Қазақстан кеңестерінің Құрылтай съезін дайындап, өткізіп болғаннан кейін аталған басқару органы әрекет етуін тоқтатты.

Революциялық комитет 1920 ж. 29 наурызда Қырғыз (Қазақ) әскери революциялық комитетінің (Кирвоенревком) билік құрамындағы қызметкерлердің дені орыстар екендігін, оның құрамындағы азын-аулақ қырғыздың (қазақтардың) көпшілігі Орал, Торғай өңірінен деп көрсетіп, кеңестік жұмысқа өзге өңірлерден де ұлттық интеллигенттерді жұмысқа тарту туралы қаулы қабылдап, бұл жұмысты жүзеге асыруды ревком мүшесі Ахмет Байтұрсыновқа жүктейді.

Ахмет Байтұрсынов өз кезегінде Халық ағарту комиссариаты тарапынан шақырту жіберіп, көптеген мұғалімдердің жұмысқа тартылуына ықпал жасайды. Революциялық комитеттің халық ағарту бөлімінің қырғыз (қазақ) мектептері секциясының меңгерушісі С. Танашев Орал облысындағы мұғалімдердің тізімін ұсына отырып, оларды Орынбор қаласына телеграф арқылы шақыртып, Қазақ өлкесіндегі мектеп ісі бойынша жүргізілетін жұмыстарға жазғы демалыс кезінде пайдалану қажеттігін көрсетеді. Атап айтқанда, бұл тізім бойынша Жымпитыдан Молдағали Жолдыбаев, Б. Жұмабаев, Қызылқоғадан Ш. Сейкетов, А. Кенжин, Темірден Ж. Айшуақова және т. б. барлығы 91 мұғалім Орынборға шақыртылып алынуға тиіс еді.

1920 ж. қазанда ҚАКСР кеңестерінің Құрылтай съезінде республика аумағында мәдени құрылысты басқаратын біріккен орталық – Халық ағарту комиссариаты құрылды. Аталған кезеңде Ахмет Байтұрсынов жаңа ұйымдастырылған комиссариаттың тұңғыш басшысы және оның тарихи маңызы зор шешімдерінің қабылдануына себепкер болып, негізгі бағыттарының іргесін қалаушы болды.

Халық комиссариатының құрамында алқа, жалпы кеңсемен біріккен іс басқармасы болды. Ішкі бөлімшелерінің құрылымында әлеуметтік тәртіп, ұйымдастыру, көркем және ғылыми сияқты 4 сектор және саяси ағарту, кәсіптік-техникалық білім бас комитеті деген 2 басқарма жұмыс істеді. Әр құрылымдық бөлімшенің өзінің кеңсесі, есеп-қисап, жабдықтау бөлімдері болып, 1921 ж. ақпанаурыз айларындағы мәлімет бойынша комиссариатта 85 қызметкер жұмыс істеген. Қазіргі таңда аталған билік органының ұйымдастырылу кезеңіндегі Аспандияр Кенжин, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Молдағали Жолдыбаев, Кәрім Тоқтыбаев және басқа да осы уақытқа дейін мемлекеттік және қоғамдық қызметтері тарихшылар назарынан тыс қалып келген Алаш және кеңес қайраткерлері жөнінде айту қажеттігі күн тәртібіне қойылуда.

Қазақ зиялыларының, яғни Алаш оқығандарының халық ағарту мекемелерінде қызмет еткен тұсындағы құжаттар объективтілігімен көзге түсетіндігін зерттеушілер атап көрсетеді.

Аспандияр Кенжин мен Ахмет Байтұрсыновтың адами қарым-қатынасын айғақтайтын, ұлы ұстаздың мұраттас, мақсаттас бауырына деген ізгі ниетін және оның кейінгі тағдырына алаңдап, ағарту саласының өзі де санаулы ғана сауатты, тәжірибелі маманынан айрылып қалуды қажет көрмегендігін білдіретін құжатты Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінен алып, Шыңғыс Әлібиұлы Жангелдин орталық «Казахстанская правда» газетіне жариялады.

Қазақ автономиялық социалистік республикасын ұйымдастыру кезеңінде орыс тілін білмейтін қалың бұқара арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге байланысты білікті, білімді мамандарды партиялық билік жүйесіне көптеп тарту қолға алынды. Сондықтан билік етуші және атқарушы органдар жүйесінде кадрлық ауысулар жиі болып жатты. Қырғыз (Қазақ) өлкесінің РК(б)П облыстық бюросының пленумынан Ахмет Байтұрсынов 1920 ж. 11 қарашада облыстық бюро төралқасының Аспандияр Кенжинді партиялық жұмысқа алу туралы шешімін өзгертуін және егер оған кеңестік мекемелерде жұмыс істеуге мүмкіндік берілетін болса, бұрынғы орнында қалдырылуын сұрайды. Хатта Ахмет Байтұрсынов халық ағарту бөлімінің Мектептен тыс жұмыстар бөлімінің меңгерушісі Аспандияр Кенжинге қатысты бұл шешімнің негізсіздігінің екі себебін атап көрсетеді. Олар төмендегідей еді:

Бірінші себептің түйінделуі: «Аспандияр Кенжин комиссариаттағы халық ағарту саласы бойынша тәжірибелі жалғыз маман. Ол 1906 ж. бастап білім беру саласында жұмыс істеп келеді. 1911 жылға дейін 1 басқышты мектепте (бастауыш училище) алғашында мұғалім, кейін меңгеруші қызметінде болды; 1911 ж. 1916 ж. дейін мектеп мұғалімдерін дайындайтын педагогикалық курстардың мұғалімі және сонымен бір мезгілде 2 басқышты мектепті (жоғары бастауыш мектеп) басқарды. Уақытша үкімет билігі тұсында Темір уездік управасы жанындағы халық ағарту бөлімін басқарды. Орал облысының Гурьев уезінің Жайық жағындағы тұсы ақтардан тазартылған соң Аспандияр Кенжин Сағыз уездік

ревкомының төрағасы болып тағайындалды, Сағыз ревкомы таратылып Гурьев уезіне қосылғанға дейін Халық ағарту бөлімінің меңгерушісі қызметін қоса атқарды. Биылғы жылы [1920 ж.] сәуірде Қырғыз (Қазақ) әскери революциялық комитетінің қарамағына шақырылып, Халық ағарту бөлімінің алқа мүшелігіне тағайындалды, Мектептен тыс жұмыстар бөлімінің меңгерушісінің қызметі босаған соң, аталған лауазымды атқаруға кірісті. Ал шілдеде Қырғыз (қазақ) облыстық партия бюросының ұсынысымен Қырғыз (қазақ) әскери революциялық комитеті Аспандияр Кенжинді Өлкелік Халық ағарту бөлімінің меңгерушісінің орынбасары қызметіне тағайындады.

Екінші себеп ретінде, А. Байтұрсынов Мектептен тыс жұмыстар бөліміндегі жұмыстардың ерекшеліктеріне тоқтала өтіп, бұл жұмыстарды атқарып, жан-жақты жүзеге асыру үшін өлкедегі халық ағарту саласының проблемасын, жергілікті халықтың психологиясын, салт-дәстүрлерін, тұрмыстық ерекшеліктерін бес саусақтай жетік білетін тәжірибелі маманның болуы керек екендігін айта келе, хат соңында халком аталған мәселені шешу барысына өзінің қатысуы қажет деп есептейтіндігін білдіреді [1].

Бұл жерде халық комиссары Ахмет Байтұрсынов оның комиссариат жұмысына кіріскен уақытында «биылғы жылы сәуірде» деп сәл ғана жаңсақтық жіберіп алады. Архив құжаттарының мәліметі бойынша Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық комитеттің Халық ағарту бөлімінің 1920 ж. 8 мамырдағы алқа мәжілісінде Қызылқоғадан келіп жеткен Аспандияр Кенжин бөлімнің алқа мүшесі болып тағайындалады. 1920 ж. 12 қарашада Мектептен тыс жұмыстар бөлімінің меңгерушісі болып Бидахмет Сәрсенев, ал Аспандияр Кенжин Мектеп бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалады. Халық ағарту комиссариатының жанынан Қырғыз (Қазақ) өлкесінде музей-кітапхана ісін жандандыру жұмысы қолға алынды.

1921 ж. 27 қарашада партиялық тазалау жөніндегі комиссияның шешімімен партия жиналыстарына 11 ай бойы қатыспағандығы, Алашорда үкіметіндегі басшылық қызметі және өзін саяси жұмыстарда көрсете алмағандығы үшін А. Байтұрсынов РК (б) П мүшелігінен шығарылып, Халық ағарту комиссары қызметінен босатылған соң, оның орнына бұған дейін халық комиссарының міндетін атқарушы болған А. Кенжин 1921 ж. қараша айынан бастап бұл міндетті атқаруға кіріседі.

Ахмет Байтұрсынов Халық комиссары қызметінен босатылғанымен, комиссардың орынбасары, әрі алқа мүшесі қызметінде қалдырылды. Бұл турада Халық ағарту комиссары қызметіне жаңадан тағайындалған Аспандияр Кенжин Қазақстан Орталық Атқару комитеті төралқасына 1921 ж. 5 желтоқсанда жазған хатында былай деп келтірді: «1921 ж. 23 қарашадағы қатынас хатқа қосымша мынаны хабарлаймын. А. Байтұрсыновқа қатысты Облыстық партия комитетінің хатшысы Петр Коростелевпен Ахмет Байтұрсыновтың Аштықпен күрес жөніндегі орталық комитетте және Академиялық орталықта бір мезгілде жұмыс істей беретіндігі туралы келісілді. Сондықтан Ахмет Байтұрсыновты осы бағытта келіссөздер жүргізу үшін шақыруды және оның нәтижелері туралы мені хабардар етуді сұраймын».

Осы хаттан кейін Орталық Атқару комитетінің төрағасы міндетін атқарушы Әліби Жангелдин Ахмет Байтұрсыновты шақыртып, Халық ағарту комиссариатының ұсынысы төңірегінде әңгіме қозғаған. Бұдан Ахмет Байтұрсыновтың зор білімін, үлкен тәжірибесін халық игілігіне жаратқысы

келген Халық ағарту комиссарының позициясын байқаймыз, екінші жағынан А. Байтұрсынұвының кеңес өкіметінің саясатына көңілі қала бастағандығы аңғарылады [2, 184, 185].

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

1. ҚР ПА. 140-қ. 1-т. 117-іс. 30–30-қ. п.
2. Сүлейменова Ә. Аспандияр Кенжин: ғасырлар тоғысындағы тағдыр (1887–1938). – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2012. – 240 б.

АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ АХМЕТ



*Н.Н. Тоқсабаев,
Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің
Баспасөз қызметінің аға сарапшысы*

*Ұлтының тұтастығы мен теңдігі
үшін күрескен тарихи тұлғалардың
тағдырын зерделеу қашанда өзекті
болып қала бермек.*

Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толды. Мерейтой дүние жүзінде аталып өтіп, Қазақстанда жалпыұлттық деңгейде мерекеленіп жатыр. Қазақтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлын ұлықтауды үкілеп қолына алған Үкімет 2021 ж. 9 қарашада арнайы қаулы шығарып, жауапты комиссияның құрамын бекіткен болатын. Бұл комиссияның бастамасымен 63 тармақтан тұратын іс-шаралардың жалпыреспубликалық жоспары ұсынылды. Ауылдық округтен бастап ЮНЕСКО ұйымының штаб пәтері орналасқан Париж қаласына дейінгі деңгейде әр түрлі форматтағы: ғылыми, өнер, танымдық әрі оны дәріптеуге арналған халықаралық ауқымды шаралар, ақпаратты-имидждік, сәулет және реставрациялық бағыттағы көркем фильмдер мен кітаптар, фотокөрмелер ұйымдастырумен қатар Ахмет Байтұрсынұлының үйін Музей-үйі етіп ашу қолға алынған. Бұл атқарылып жатқан ісдері егемендігін еңсерген еңселі елдің есіл ерлерін танып білудегі елеулі ісі ретінде бағалауы деп білемін.

XX ғ. бірінші жартысында Социалистік революцияның нәтижесінде билікке келген большевиктер ұлтымыздың болмысын, танымын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін өзгертеміз деп жат идеология жүргізіп, қазақ даласын тоқырауға ұшыратқан. Бұл ұстанымның дұрыс еместігін уақытында түсініп, ұлттық толқуларды ұйымдастырған ұлт жанашырлары сталиндік қуғын-сүргін мен концлагерлердің тұтқынына айналды. Коммунизмге жетуді мақсат тұтқан Кеңес

Одағының жабық есік жағдайындағы темір торлы режимінен халықты арашалау мақсатында бас көтерген идеологиялық сілкіністердің ұйымдастырушысы әрі белсендісі, Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсыновқа қатысты құнды құжаттар Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің №№ 139, 140, 141, 708, 811, 813-қорларында сақтаулы тұр. Бағалы құжаттың бірегейі деп – А. Байтұрсыновтың өз қолымен жазылған жеке іс парағын, өмірі мен қызметіне байланысты ақпараттық хатын айтуға болады.

Елдің ықыласымен әрі мемлекеттің қолдауымен жоғарғы деңгейде ұйымдастырылып жатқан мерейтойлы мерекеге ХХ–ХХІ ғғ. Қазақстанның саяси-әлеуметтік тарихының құнды құжаттарын сақтап отырған Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің өзіндік қосар үлесі ерекше. Архивте Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында «ХХ ғасырдағы саяси құғын-сүргін материалдарын зерделеу орталығы» ашылды. Архив қорлары құрамындағы қазақ зиялылары, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының сол кездегі Орталық Комитет басшыларына БК (б) П, Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшыларына жазған хаттарымен, құнды құжаттарымен танысуға болады. Сонымен қатар, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің А. Байтұрсыновтың шығармашылығы мен ұстанымдарын зерттеген құжаттарының нәтижелері де осы Архивте. Мәселен, 1920–1921-жж. Ағарту ісі жөніндегі халық комиссары Ахмет Байтұрсыновтың КСРО Халық Комиссарлар Кеңесіне қазақ еліндегі басшы қызметкерлердің халықтық білім берудегі және баспа жұмыстары туралы баяндамалары №140 қорда сақталған.

Кеңестік биліктің қазақ даласына алғашқы 10 ай билік орнатқан уақытындағы хал-ахуалы И.А. Крыловтан алған А. Байтұрсыновтың аудармасы «Аққу, шортан һәм шаян» мысалындағы кейіпкерлердей болған. Патшалық Ресейдің езгісінен құтылған жергілікті қазақ халқы мен кеңестік биліктің арасында болған сенімсіздіктер және түсініспеушіліктер нәтижесінде жазықсыз кінә тағылып, жазаланғандар көп болды. Осы мәселелерді түзеу туралы Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті және Қазақ (Қырғыз) Революциялық әскери комиссариатының мүшесі Ахмет Байтұрсынұлының Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитет төрағасы В.И. Ленинге жазған араша хаты ҚР Президент Архивінің қорында сақтауда.

А. Байтұрсыновтың отандық ғылым мен білім, өнер мен ағартушылық жолында қалдырған қанық іздерінен бөлек, ұлттық саяси партияның негізін қалаушылардың алғашқысы есебінде тарихтағы орны бөлек. Ол саяси көзқарасы үшін абақтыға қамалып жүрсе де, демократиялық қозғалыстар ұйымдастырудағы қайраткерлігін тоқтатпаған. Мақсаты азаттыққа жету үшін, қазақтың танымын арттырып, тұрмыс-тіршілігін оңалтып, мәдени ілгерілету болған.

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің №708-қорындағы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссияның қорытындысындағы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жалпы бөлімінің хаттамалық секторы меңгерушісінің орынбасары В. Шепельдің 1988 ж. 20 желтоқсандағы А. Байтұрсынов туралы: «Автократия құлатылғаннан кейін елде ұлт-азаттық қозғалыс күрт күшейе түсті. Оның толқынында революциялық демократиялық және буржуазиялық ұйымдардың жедел қалыптасуы болды. Соңғылары «Ұлттық туды» қарқынды пайдаланды. 1917 ж. жазынан бастап Алаш Орда көшбасшыларының А. Байтұрсынов біріне айналды. Ол оның бірінші және

екінші съездерінің жұмысына қатысып, халыққа білім беру мәселелері бойынша сөз сөйлеген. Алаш Орда үкіметінің құрамына кандидат ретінде ұсынылған. Көп ұзамай ол кеңес өкілдерімен байланыс орнатады, содан кейін Ә. Жангелдиннің ұсынысын қабыл алып, онымен кездеседі және 1919 ж. наурызда алашордашылардың ірі тобының басшылығымен кеңес өкіметінің жағына өтіп, колчактықтардың позициясын әлсіретті» деп көрсеткен баяндау жазбасы бар.

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қорындағы құжаттар Байтұрсыновтың Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитеттің жұмысына және қазақ халқын кеңестік социалистік мемлекеттікті қабылдауға дайындау жұмыстарына, Түркістан Компартиясы ОК «Ақ жол» газетінің жарық көріп, дамуына, Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанның академиялық орталығында жұмыстарына тікелей араласып, бағыт-бағдар бергенін айғақтайды. 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында елдегі әділетсіз қудалаулар мен қуғын-сүргіндерге революцияға дейінгі интеллигенцияның көптеген көрнекті қайраткерлері ұшырағаны, оның ішінде Алаш Орданың алғашқы басшыларының бірі А.Байтұрсыновқа да негізсіз қысым жасалғаны туралы да осы Архив құжаттары сыр шертеді.

А. Байтұрсынов 1929 ж. маусымда қауіпсіздік жөніндегі Біріккен Мемлекеттік саяси басқару (БМСБ) Алқасының шешімімен тұтқындалып, сотталып, Архангельск облысына жер аударылады. Ал оның әйелі мен қызы Томск қаласына жер аударылады. 1934 ж. Қызыл Крест комиссиясында жұмыс істеп жүрген М. Горькийдің әйелі Е. Пешкованың өтініші бойынша А. Байтұрсынов босатылады. Алматыға оралып, 1937 ж. 8 қазанда тағы да жалған айыппен тұтқындалып, ақырында атылады.

Ғылым мен мәдениетті, өндіріс пен кәсіпті жедел дамытуды емес, таптық күресті қуаттаған кеңестік идеологияның бюрократиялық шешімдері қазақ ұлтының тұтастығы мен теңдігі үшін күрескен талай тарихи тұлғалардың тағдырына балта шапты. Мемлекеттің билік формациясының жаңа түрін құруға кіріскен пролетариат диктатурасы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған тұлғалардың тағдырына зардабын тигізді. Архив құжаттарын жан-жақты зерделеп, ел тарихының ақтаңдақтарын қоғамға таныстыру әрқашан өзекті мәселе ретінде қала бермек. Кеңестік биліктің алғашқы кезеңіндегі қазақ қайраткерлерінің жүріп өткен өмір жолы мен ел үшін атқарған еңбегін бүгінгі буынға жеткізу зерттеушілердің негізгі міндеті ретінде қарастырылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. ҚР ПА. 813-қ, 1-т. 29-іс. 5–7-п.
2. Сонда. 896-қ, 1-т. 492-іс.
3. Сонда. 139-қ, 1-т. 444-іс. 89–90-п.
4. Сонда. 223 Н Л-қ, 1-т. 46-іс.
5. Сонда. 139-қ, 1-т. 1016-іс. 107–109-п.
6. Сонда. 811-қ, 22-т. 568-іс. 46–48-п.
7. Сонда. 140-қ, 1-т. 74-іс. 6–9-п.
8. Сонда. 141-қ, 1-т. 915-іс. 38–46-п.
9. Сонда. 708-қ, 141-т. 137-іс. 3-п.

ЛИЧНЫЙ ФОНД ОБЩЕСТВЕННОГО И ПАРТИЙНОГО ДЕЯТЕЛЯ КАЗАХСТАНА АСАНБАЯ АСКАРОВА



*Ж.К. Ботанова,
архивист первой категории
Службы формирования архивного фонда
Архива Президента Республики Казахстан*

В истории нашей республики есть личности, чьи имена навсегда будут увековечены в ее памяти. Одним из таких людей, внесших большой вклад в развитие нашей страны, является видный партийный и политический деятель Асанбай Аскарлович Аскараров. Его профессиональный путь, безусловно, представляет глубокий интерес, поскольку через призму его служебной, общественной и политической деятельности мы можем наблюдать за многими событиями, происходившими в Казахстане.

Одной из приоритетных задач Архива Президента Республики Казахстан является комплектование Национального архивного фонда документами личного происхождения политических, государственных и общественных деятелей республики. Документы личного происхождения А.А. Аскарарова были приняты в Архив Президента Республики Казахстан на основании заявления его внучки, Касымбековой Гаухар Маликовны, 3 февраля 2011 г.

Обратимся к основным моментам его биографии.

Аскараров Асанбай родился 15 сентября 1922 г. в с. Мерке Меркенского района Джамбулской области в семье крестьянина-бедняка.

Родители – мать Кунимай, отец Аскар Асылбеков – умерли в раннем детстве Асанбая Аскараровича и он воспитывался в семье старшего брата Кулназара.

После окончания семилетней школы А.А. Аскараров поступил в педагогическое училище в г. Фрунзе и окончил его в 1939 г.

Его трудовая деятельность началась в 1939 г. учителем средней школы с. Саргооск Калининского района Фрунзенской области Киргизской ССР.

В мае 1942 г. А.А. Аскараров был призван в ряды Красной Армии, где служил в пехотном батальоне в г. Мешхеде (Иран), затем в г. Ходженге (Таджикистан). В армии окончил полковую школу



стрелкового полка, затем военно-политическое училище САВО, получил звание офицера-политработника, был комсоргом, затем заместителем политрука роты.

После демобилизации в мае 1946 г. он вернулся в Меркенский район, где работал помощником секретаря райкома КП (б) Казахстана.

В течение 1946–1951 гг. А.А. Аскарлов избирался первым секретарем Меркенского райкома ЛКСМ по пропаганде и агитации, первым секретарем Джамбулского обкома ЛКСМ Казахстана.

С сентября 1951 г. по июль 1954 г. А.А. Аскарлов учился в Высшей партийной школе при ЦК КПСС в г. Москве, которую окончил с отличием.

В период с августа 1954 г. по январь 1958 г. он занимал должности первого секретаря Красногорского, Меркенского райкомов КП Казахстана Джамбулской области.

В январе 1958 г. А.А. Аскарлов был утвержден председателем исполкома Джамбулского областного Совета депутатов трудящихся и проработал на этой должности до декабря 1959 г.

С декабря 1959 г. по апрель 1965 г. А.А. Аскарлов находился на посту первого секретаря Джамбулского обкома КП Казахстана.

Постановлением ЦК Компартии Казахстана от 14 апреля 1965 г. А.А. Аскарлов был утвержден первым секретарем Алма-Атинского обкома партии и членом бюро КП Казахстана. В 1966 г. он избирался кандидатом в члены Президиума ЦК Компартии Казахстана, а в 1976 г. – членом Бюро ЦК КП Казахстана.



Удостоверение А.А. Аскарлова к медали «За доблестный труд. В ознаменование 100-летия со дня рождения Владимира Ильича Ленина». 17 апреля 1970 г. АПРК. Ф.245-НЛ. Оп.1 Д.3 Л. 22

В течение 26 лет А.А. Аскарков работал первым руководителем трех областей Казахстана, членом ЦК КПСС – более 22 лет, 27 лет – членом ЦК Компартии Казахстана, являлся членом Бюро ЦК Компартии Казахстана около 14 лет, на протяжении 23 лет был депутатом Верховного Совета КазССР, 15 лет – председателем Комиссии по молодежной политике.

